

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

4. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970, 240 с.
5. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в тюркских языках. – Алма-Ата, 1986, 328 с.
6. Бодуэн де Куртенэ. Об одной из сторон постепенного человечения в связи с антропологией // Введение в языковедения. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000, С. 60-64.
7. Харитонов Л.Н. Современный якутский язык. Фонетика и морфология. – Якутск, 1954, 55 с.
8. Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2003, 180 б.
9. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001, 120 б.
10. Тіл білімінің сөздігі. – Алматы, 2002, 424 б.
11. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1966, 441 с.

Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМДІ ҰРПАҚ ДАЯРЛАУ ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Искаков Қ.А.

Астана, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

*«Біз Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім
орталығына айналдыруымыз қажет».*

Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздіктің 22 жылында еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беруді жаңғыртуды кезең-кезеңімен жүргізіп келеді.

Қомақты әлеуметтік, әсіресе білім беру жүйесіндегі реформаларды жүргізу Егемен Қазақстанның алғашқы құқықтық құжаттарының бірі – Тәуелсіздік Декларациясында бекітілген болатын.

Ұлттың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саяси ерік-жігерінің арқасында жаңа мемлекетті құрудың және экономиканы реформалаудың ең қиын жағдайында ұлттық білім беру моделі құрылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім және ғылым жүйесі Қазақстан Республикасы Президентінің басты назарында болды.

Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде: «Қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген. Қазақтың бұл мақалының өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен

құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл» - деп атап көрсеткен болатын [1].

Елбасының стратегиялық көрегендігінің арқасында мемлекет пен қоғамның сұраныстарына сәйкес ұлттық модель жыл сайын жаңа сапалы мазмұнға көшіп, жетілдіріліп отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін, шет елдік оқу орындарында Қазақстандық жастардың білім алу үшін «Болашақ» бағдарламасын құрды. 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген. 1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді. 1994 жылдан бастап 2004 жыл ішінде «Болашақ» бағдарламасы аясында барлығы 785 студент әлемнің 13 елінде білім алды. Сондай-ақ, 2005 жылы шетелде оқуға арналған елдер тізімі өсіп, үміткерлер АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Жаңа Зеландия, Жапония, Израиль, Испания, Италия, Канада, Қытай, Малайзия, Нидерланды, Норвегия, Оңтүстік Корея, Польша, Сингапур, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Швейцария сияқты елдер арасынан өзіне ыңғайлысын таңдайтын болды [2].

Уақыт көрсеткеніндей, осы кезең аралығында «Болашақ» бағдарламасы түлектердің мансаптық табысты өсуі үшін нақты әлеуметтік жеделсатысы болды. Жалпы алғанда, Бағдарлама шеңберінде 9959 стипендия тағайындалды. Қазіргі уақытта 2436 стипендиат әлемнің 33 еліндегі 200 үздік университетінде оқып жатыр. 20 жыл ішінде жалпы түлектердің саны 5788.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тұрақты негізде ел дамуының жаңа басымдылықтарына сәйкес бағдарламаны жаңғыртып отырады. Осылайша, 2011 жылы магистрлар мен PhD докторларын оқытуға баса назар аударылған 2015 жылға дейін «Болашақ» стипендиясын дамыту жоспары қабылданды [3].

2011 жылы Мемлекет басшысы Білім беруді дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасын бекітті. ХХІ ғасыр ақпараттық технологиялар заманы болғасын, білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар орталықтары жүзеге асыратын болады. Ол үшін мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі заман талабына сай электрондық оқыту (e-learning) жүйесі құрылды.

Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат - білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады. Білім беру жүйесін басқаруды қолдаудағы басты құрал болуы себепті электрондық оқыту жүйесі білім беру ортасы жайлы барлық қажетті мәліметтерді сақтауы тиіс. Сондай-ақ, ол – білімді дамытудың ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету құралы, екіншіден, электрондық оқыту жүйесінің кез келген түйінінен мәліметтерді орталықтандырып жинақтау арқылы білім беру жүйесінің

мониторингін жасау құралы, үшіншіден, білім беру жүйесі туралы қажетті статистикалық мәліметтерді және түрлі аспектілер бойынша есеп беруді қалыптастыруды қамтамасыз ететін шешім қабылдау құралы ретінде әрекет етуі тиіс.

Электрондық оқытуды енгізген елдер тәжірибесі АКТ білім алушылардың үлгерімін 17%-20%-ға арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Бұл жобаны іске асыру екі сатыда жүреді. 2011–2015 жылдары «E-learning» жүйесіне білім беру мекемелерінің 50 пайыздан астамы қосылады. 2020 жылға дейін – 90-нан астам.

Бұл жобаның тұсаукесері Астана және Алматы қалаларында табысты өтті. Қанатқақты мектептердің 95%-ға жуық мұғалімдері оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігінің жақсарғанын, визуалды оқу материалдарына деген қызығушылықтың артқанын атап отыр [4].

Қазіргі кезде елімізде ғаламтор жүйесіне қосылу 36% болса, бағдарлама аясында ол көрсеткіш 100% жетеді. 2020 жылы әрбір оқушы мен мұғалімде дербес компьютер болады деп жоспарлануда.

Бүгінде білім саласында еліміз қарқынды дамып келеді. Н.Ә.Назарбаев студент жастарға арналған интерактивті дәріс барысында: «Қазақтар қаншама жаугершілік заманды көрді. Ғасырлар бойы отарда болдық. Ата-бабамыздың басынан ешкім сипаған жоқ. Енді біз сол жандардың арманын орындап, аруақ қолдап тәуелсіздік алдық. Менің замандастарым осы мемлекеттің іргесін қалап, дамытты. Ал, елді одан әрі дамыту тек қана білімді, дарынды жастардың қолында», - деді [5]. Бүгінде елдің ертеңін дамытатын жастардың білім алу үшін Қазақстанда қазіргі кезде көптеген мүмкіндіктер бар. Шет елдік профессорлармен бірлесіп қарқынды білім беру жүріп жатыр. Әлемдік білім саласында үздік деп танылған 400 ЖОО арасында еліміздің алдыңғы қатарлы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті еніп отыр. Одан өзге де, елімізде орта білім беру саласындағы шет елдік әріптестермен бірге жұмыс жасайтын білім ордалары жеткілікті. Бұның өзі еліміздің Тәуелсіздігіміздің 22 жыл ішінде жеткен үлкен жетістіктеріміз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев елдің ертеңін сеніп тапсыратын білімді ұрпақ даярлауда аянбай еңбек етуде. Жастардың білімді болу үшін, әлемдік дамыған елдерден ешқалай да қалмауы үшін, елдің ертеңін тек білімді ұрпақ құрауы үшін Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев білім саласында оңтайлы саясат жүргізуде.

Елбасымыздың білімді, әрі дарынды ұрпақ даярлауда рөлі өте үлкен. Елбасы саясатының арқасында, бүгінде еліміз әлемдік білім беру орталығына айналууда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Назарбаев: Бұл білекке емес, білімге сенетін заман <http://baq.kz>
2. БАҒДАРЛАМА ТАРИХЫ <http://www.bolashak.gov.kz/>
3. «Болашақ» бағдарламасына 20 жыл толды <http://baq.kz/>
4. Білімді ұрпақ – ұлт болашағы // Егемен Қазақстан, 2011, 30 желтоқсан

5. Елді одан әрі дамыту тек қана білімді жастардың қолында - Н.Назарбаев <http://baq.kz/>

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – ҚОМАҚТЫ ҮЛЕС (ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ТЫЛДАҒЫ ЕРЕН ЕҢБЕГІ ХАҚЫНДА)

Қабылшаев Қ.И.

Астана. Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең ауыр һәм ең қанды соғыс болып қала бермек. 1939-1945 жылдар аралығын қамтыған бұл соғыс әлемнің әр жерінде болса да, әрбір жерде соғыс қимылдарының өзіндік ерекшелігі болды. Осындай әлемдік соғыстың бір бөлігі Шығыс Еуропада 1941-1945 жылдардың аралығында Кеңес Одағы мен фашистік Германия арасында болды.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңес халқының қаһармандық ерлігі жан-жақты және сан-саналы. Оны зерттеу мен тану сол кездегі кеңес органдарының әскери-ұйымдастырушылық қызметінің сан қырын тарихи тұрғыдан танып-білуге, ашып-көрсетуге көмектеседі. Теміржол көлігі мәселесі туралы алғашқы зерттеулер тікелей соғыс жылдарында пайда бола бастады. Негізінде, мәліметтерді жүйелеу барысында, бұл жұмыстардың үзік-үзік зерттеулер түрінде болғандығын батыл айтуға болады. Басылымдардың негізгі авторлары сол жылдардағы оқиғаларға тікелей қатысушылар болды. Жалпы алғанда, теміржол көлігінің дамуына байланысты тікелей соғыс жылдарында дайындалған зерттеулер сипаты жағынан көбінесе үгіт-насихат бағытында болды, яғни бұл жұмыстар кешенді зерттеулер емес, соғыс жылдарындағы теміржолшылардың ерліктерін бейнелейтін материалдар еді [1].

1941-1944 жж. Теміржолшылардың жауынгерлік және еңбектегі жетістіктерін паш етуді мақсат еткен бірқатар кітапшалар мен мақалалар жарық көрді. Жарияланымдардың авторлары Жол қатынастары, темір-жолдардың, Әскери-қалпына келтіру бас бақармасының (ГУВВР) басшы қызметкерлері, теміржол көлігінің алдыңғы қатарлы жұмысшылары мен ғалымдар болды. Аталған журнал және газет жарияланымдары тарихи зерттеу сипатында болған жоқ, сол себепті соғыс уақытындағы жұмысы туралы шынайы талдау қатарына қосуға болмайтын еді.

Теміржолшылар алдында қойылған бүкіл күрделі мәселердің кешенін табысты шешу үшін оның бүкіл организмін жаңа жағдайға бейімдеп, соғыс ыңғайына қайта құру қажет болды. Бұл қайта құрудағы шешуші қадам поездардың қозғалысын ерекше әскери кестеге көшіру болды. Ол Жол қатынастары Халкомының бұйырығымен 1941 жылдың 23 маусымынан енгізілді, 24 маусым 18 сағаттан бастап бірінші кезекте әскери эшелондарды, әсіресе шұғыл тасымалдауды керек ететін жүк-терді жылдам жіберу қарастырылды [2].